

МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
«НҰР-АЙ БӨБЕК» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫ



**БАҒДАРЛАМА
«Көңілді тамшылар»**

2020 оқу жылы

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында «Көнілді тамшылар» авторлық бағдарламасы
талқыланып пайдалануға ұсынылды.

Хаттама № 1

28 тамыз 2020ж

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының
менгерушісі:



Нуртазина Ж.А

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Көнілді тамшылар»
авторлық бағдарламасы макұлданды.



Сараптама кеңесі тәрайымы

(қолы)

«2» күркүйек 2020ж

Баисмагамбетова Г.-Х

(аты-жөні)

«Көңілді тамшылар» атты бағдарламасына

ПІКІР

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дарындылығын және танымдық қабілеттерін еркін дамыту бағытында «Көңілді тамшылар» бағдарламасы құрылған.

Дәстүрден тыс сурет салудың ықпалы баланың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілетіне түрткі болып, ерекше ойлауға үретеді. ТРИЗ элементтерімен бейнелеу міндеттерін орындау балалардың психологиялық жетістіктерін, яғни ойлау қабілетін, киялы мен шығармашылығын, есте сактауын, сондай-ақ еркіндік, батылдық және де көркемдік талғамын, эстетикалық мәдениетін дамытады.

Бағдарламаның ерекшелігі- балалардың бейнелеу материлдарын өздері таңдал, оларды өз қалауларынша өзгертуіп, жаңартып, үйлестіріп әрекет жасауы. Жас бұлдіршіндердің өздеріне ашқан жаңалықтарын қағаз бетіне әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдана отырып, өз қалауларынша бейне шығарып және нәтижелерін өз көздерімен көріп, қуаныш сезіміне кенелуге деген қызығушылығын арттыру және оларға мүмкіндік беру.

Бағдарламаның мақсатында балалардың жеке шығармашылық және көркем-эстетикалық құзіреттілігін қалыптастыру, дәстүрден тыс әдістермен бейнелеуге деген қызығушылықтарын ояту, баланың киялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту әртүрлі іс-әрекетте шығармашылық белсенділігін дамыту көзделген.

Күнделікті өмірден алған әсерлері психикалық процесстеріне, есте сактауына, қабылдауына, ойлауына, арнайы қабілеттілігінің дамуына ықпал етуін ескеріп, белгілі бір затқа немесе құбылыска зейінін тұрақтандырып, бейненің сипатына қарай бейнелеу тәсілдерін таңдай білуі ескерілген.

Балалардың ынта-ықыласын ескеріп, іс-әрекетінің түрлеріне қарай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге, жұмысын өз қалауы бойынша таңдал, қызығушылықпен орындауға, дербестікке, өз бетімен шешім қабылдауға бағытталған.

Балабақшада балалардың шығармашылық құзіреттілігін «Көңілді тамшылар» атты бағдарлама арқылы жүзеге асыруға болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға соның ішінде ересектер тобына арнап «Көңілді тамшылар» бағдарламасын енгізуге ұсыныс жасаймын.



Пікір беруші:

Мәртөк ауданы білім бөлімінің
МДҮ әдіскеіри М.А.Шауменова

«Көнілді тамшылар» атты бағдарламасына

Түсінік хат

Балалық шақ - бұл қиялдың екпінді қызмет кезені және осы қасиеттерді дамытуға арналған маңызды кезең. Бұл кезеңдегі баланың шығармашылық әлеуеті (шамасы) бейнелеу әрекеттерінде өз қиялынан әртүрлі ғажайып бейнелер жасауға деген ықыласынан корінеді.

Балалардың осындай ынта-ықыластарын колдау, шығармашылық дарындылығын және танымдық қабілеттерін еркін дамыту бағытында Р.Г. Казакова «Рисование с детьми дошкольного возраста» (нетрадиционные техники, сценарии, занятия, планирование) әдістемелік нұсқаулығына сүйене отырып, «Көнілді тамшылар» бағдарламасы толыктырылып құрастырылды.

Бағдарламаның өзектілігі: Дәстүрден тыс сурет салудың ықпалы баланың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілетіне түрткі болып, ерекше ойлауға үйретеді. ТРИЗ элементтерімен бейнелеу міндеттерін орындау балалардың психологиялық жетістіктерін, яғни ойлау қабілетін, қиялы мен шығармашылығын, есте сақтауын, өзінің күшіне сенімділік пен шығармашылық мүмкіндігін, сондай-ақ еркіндік, батылдық және де көркемдік талғамын, эстетикалық мәдениетін дамытады.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жеке шығармашылық, көркем-эстетикалық құзіреттілігін қалыптастыру; дәстүрден тыс әдістермен бейнелеуге деген қызығушылықтарын ояту; баланың қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- балалардың шығармашылық әлеуетінің (шамасының) мүмкіншіліктерін дамыту;
- дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық талаптану мен эмоциялық қызығушылықтарын туғызу;
- қиялын, байқағыштығы мен әлемді бейнелі қабылдаудың дамыту;

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Біз мектепке барамыз» бағдарламасының талаптарына сай құрылып, ойын технологиясы арқылы берілген.

«Көнілді тамшылар» бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы ересектер тобының вариативтік бөлімінде аптасына 1 сағат оқу жүктемесіне сай құрылып, «Шығармашылық» білім беру саласына кіріктірілді. Барлық сағат саны-36, аптасына – 1 рет, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзактығы 25-30 минут көлемінде берілген. Қолданылатын мерзімі 1 жылға жасалған.

Күтілетін нәтижелер:

Білу: Бейнелеу тәсілдерін дұрыс қолдана білу. Өзінің шығармашылық ойын еркін суреттей білуі.

Игеру: Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жеке көркем образды бейнелеуін игеру. Бейненің сипатына сәйкес техникалық тәсілдер мен бейнелеу құралдарын өздігінен таңдауы.

Менгеру: Жұмысын өз қалауы бойынша таңдап, ынта-ықыласпен орындауды, дербес өз бетімен шешім қабылдауды менгеру.

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Бағдарлама міндеттері	Сағат саны
Қыркүйек			
1	«Жұзім ұзбесі»	Балалардың жеміс-жидектер туралы білімдерін пысықтау; жұзім ұзбесін саусақ кескіндемесі арқылы бейнелеуді үйрету; бейнені басқа бөліктермен толықтыра білулерін жетілдіру; ұқыптылыққа баулу.	1
2	«Күнбағыс»	Дайын дәңгелектің айналасына жапырактарды бастыру арқылы күнбағысты бейнелеуді үйрету; бейнені басқа бөліктермен толықтыра білулерін жетілдіру; ұқыптылыққа баулу.	1
3	«Күзгі жапырактар»	Табиғи жапыракты сулы бояуға тегіс батырып алып, қағаз бетіне бастыра отырып ізін қалдыра білуді үйрету; күз мезгіліне сай бояу ренктеріне деген сезімталдығын арттыру; табиғи табиғи құралдармен ұқыпты жұмыс жасай отырып, табиғат әсемдігін бейнелей білуге баулу.	1
4	«Әдемі көбелек»	Тұрлі-түсті бояуларға батырылған жапырактарды бастыру арқылы көбелекті бейнелеуді үйрету; симметрияны сактай білулерін дамыту; бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге баулу.	1
Қазан			
5	«Кірпі»	Умаждалған қағазben кірпіні бейнелеуді үйрету; бейнені қосымша бөліктермен толықтыруын жетілдіру арқылы жануардың айқындығын беруге машиқтандыру.	1
6	«Күзгі кілем»	Табиғи жапырактарды бастырып ізін қалдыру арқылы бейнелеу әдісін бекіту; қағаз бетін дұрыс пайдаланып, симметриялы орналастырып бейнелей білулерін жетілдіру; айналадағы әсемдікті дұрыс ұқыпты жеткізе білуге дағыландауды.	1
7	«Балапан»	Балаларға үлпілдек балапанның бейнесін умаждалған қағаз ізімен бейнелеуді үйретуді жалғастыру; бейнені басқа бөліктермен толықтыра білулерін жетілдіру.	1

8	«Көкөністер»	Қажетті трафареттердің, баспалардың көмегімен көкөністердің өздеріне тән пішіндері мен ерекшеліктерін бере білуді үйрету; сиуэт арқылы ыдысты қия білуін жетілдіру, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге баулу.	1
---	--------------	---	---

Қараша

9	«Шалғындағы қояндар»	Әртүрлі қимыл-қозғалыстағы қояндарды сұқсаусактың ұшымен бейнелеуді үйрету; бейнені мазмұнды ету үшін қосымша бөліктермен толықтыра білуге дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
10	«Таныс пішіндегі - жаңа бейне»	Өздеріне таныс затты бастырып алғып, оны қосымша бөліктермен толықтыруға үйрету; балалардың шығармашылығын, қиялын, бейнені қабылдай білулерін дамыту; өз беттерінше бастаған істерін ұқыпты етіп аяғына дейін жеткізуге баулу.	1
11	«Тордағы өрмекші»	Балаларға қағазды умаждап алғып, сосын жыртудың әдісін үйрету; қағаз қиындыларынан бейне құрастыра білулерін жетілдіру; бейнені қосымша бөліктермен толықтыра білуге дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
12	«Терезе алдындағы мысық»	Балаларға мазмұнды-бейнелі композиция құра білуді үйрету; киудың түрлі тәсілдерін колдана отырып, қажетті бейнелерді қиып шығара білуін жетілдіру (мысық – қағазды ортасынан бұктеу, пердені тұзу, қиғаш, бұрыштарын дөңгеленте киу); пердені мөрмен (штамппен) әсемдей білуін дамыту; бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге баулу.	1

Желтоқсан

13	«Сия тамшысының ғажайыпқа айналуы»	Түрлі материалдармен және құралдармен қалаулары бойынша емін-еркін зерттеулер жасауға мүмкіндік беру; абстракты бейнелер алудың жаңа тәсілімен таныстыру, тушь тамшысын үрлеуді үйрете отырып, тамши пішінін жандандыра білуін, яғни шығармашылық қиялдарын дамыту.	1
14	«Күзгі ағаш»	Балаларға ағашты аэрография (тушь тамшысын тұтікшемен үрлеу) әдісі арқылы бейнелеуді үйрету; бейнені толықтыра білулерін жетілдіру; сюжетті композиция құрастыруға дағдыландыру.	1
15	«Сиқырлы қарлар»	Қағаз бетіне майшаммен қар ұшқындарын бейнелеп алғып, содан кейін қағаз бетін тұтастай қою көк түспен бояуды үйрету; нәтижесін көрсетіп, қуанышқа бөлету.	1
16	«Шетеннің	Шетеннің өзіне тән белгілері мен ерекшелігін бере білуде, саусак кескіндемесі және бастырып із	

	бұтағы »	қалдыру әдістерін бекіту; түстерді қабылдауын, композиция құрастыру іскерліктерін жетілдіру.	1
Қантар			
17	«Әсем шырша»	Балаларды левкас әдісімен бейнелей білуге жаттықтыру; тіс пастисымен қар жауып тұрған даладағы шыршаларды бейнелеуді үйрету; қолдың қимылдау икемділігін нығайту; ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	1
18	«Ғажайып қыс»	Жәй қарындаш пен сыйпалы тіс пастисының көмегімен қысқы табиғат көрінісін (агаштар, үй, шырша, аққала т.б.) бере білуге үйрету; шығармашылығын, бейнені қабылдай білулерін дамыту; ұқыптылыққа баулу.	1
19	«Аққала»	Балаларға ұсактап жыртылған қағаздарды домалактап, шеңберлердің ішіне желімдеу арқылы аққаланы бейнелеуді үйрету; қылкаламмен басқа бөліктерін аяқтап салуға машықтандыру; қысқы қонақты бейнелеуге ынталандыру.	1
20	«Пингвиндер мекені »	Балалардың Антарктика туралы түсініктерін молайту; ылғал қағаз бетін сорғышпен бояй білуін бекіту (мұздың бейнесі-әртүрлі көлемдегі газет қыындыларын ылғалды ақ бетке қойып, үстінен сорғышпен бояп болған соң, алғып тастау); сұық түстер туралы түсініктерін көңейту; ұқыпты бояуға машықтандыру.	1
Ақпап			
21	«Мұздағы пингвиндер»	Саусақ ұшымен көлемдері әртүрлі пингвиндер отбасын бейнелеуді үйрету; бейнелеуде қарапайым сюжетті композиция құру іскерліктерін жетілдіру; тиянақты да ұқыпты жұмыс істеуге баулу.	1
22	«Қыс келбеті» (ұжымдық жұмыс)	Балаларға әртүрлі әдістер арқылы қыс келбетін бейнелеуге үйретуді жалғастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту; қысқы табиғат көрінісін мазмұнды етіп бере білуге баулу.	1
23	«Қалқанқұлақ»	Балаларға қалқанқұлақты умаждалған қағаз ізімен немесе дәкемен бейнелеуді үйретуді жалғастыру; бейнені басқа бөліктермен толықтыра білулерін жетілдіру.	1
24	«Әдемі гүлдер»	Умаждалап жұмсақтылған қағаз бөліктерін домалактап, олардан гүлдің бейнесін жасауды үйрету; бейнені қосымша бөлшектермен толықтыруын жетілдіру; желіммен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	1
Наурыз			
25	«Анама	Балаларға алақан кескіндемесімен бейнелеуді үйретуді жалғастыру; алақан іздерінен гүл шоғын	

	арналған гүл шоғы»	құрастыруды үйрету; алақан гүлдің бетіне қылқаламның түбімен көздер, мұрын, құлімдеген ауызды салу арқылы оны бақытты баланың келбетіне айналдыра білуін жетілдіру; киялдары мен түстерді сезіне білулерін дамыту; аналарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
26	«Міне, осындай шеберлер»	Қазақтың ұлттық киімдеріндегі ою- өрнектерді шашырату әдісі арқылы әсемдеуге үйрету; ою- өрнектердің қатарын ыргакты орналастыра білулерін дамыту; ептілікке, ұқыптылыққа баулу.	1
27	«Құмырадағы гүлдер»	Дайын баспа мөрлердің немесе трафареттердің көмегімен құмырадағы гүлдерді бейнелеуге үйрету; түстерді қабылдауын, эстетикалық талғамдарын дамыту; табиғи әсемдікті, сұлуулықты дұрыс жеткізе білуге баулу.	1
28	«Ғажайып жіптер»	Балаларға жіппен бейнелеуді үйрету; ортасынан бүктелген қағаздың бір бөлігіне түрлі-түсті бояуға малынып алған жіптерді өз қалаулары бойынша орналастырып, бір ұшын сыртқа шығарып кою, қағаздың екінші бөлігін беттестіріп жауып, алақанмен басып отырып, жіптерді біртіндеп сұзуру. Пайда болған бейнені бір нәрсеге ұксата білуде балалардың киялдауын дамыту; суретті қосымша бөліктермен толықтыруға дағыландыру.	1

Сәуір

29	«Тұнгі аспан»	Бейнелеудің түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы тұнгі аспан суретін салуды үйрету; композиция және киялдау сезімдерін дамыту; табиғат құбылыстарына деген танымдық қызығушылыққа баулу.	1
30	«Шөл дала»	Балаларға шөл даланы бейнелеуде түрлі-түсті монотипия және сексеуілді бейнелеуде аэрография әдістерін қолдануды үйрету; бейнені тасбакалармен толықтыру; бейнелеуде қарапайым сюжетті композиция құру іскерліктерін жетілдіру; тиянақты жұмыс істеуге баулу.	1
31	«Мұхит су асты әлемі»	Балалардың мұхит су асты әлемі (сегізаяқтар, балықтар, теңіз жұлдыздары т. б.) туралы алған білімдерін пысықтау; саусақ және алақан кескіндемесі, левкас әдістерін қолдана отырып су асты әлемін бейнелеуді үйрету; киялдары мен шығармашылығын дамыту; бейнелеуге қажетті заттарды өз беттерінше таңдай отырып, сюжетті композиция құрастыра білуге дағыландыру.	1
32	«Бота»	Балаларға дәстүрден тыс әдіспен ботаны бейнелеуде трафаретпен, губкамен жұмыс істеу іскерліктерін	

		бекіту; бейнелеуде қарапайым сюжетті композиция құру іскерліктерін жетілдіру; тиянақты да ұқыпты жұмыс істеуге баулу.	1
Мамыр			
33	«Бар әлемнің балалары достасады» (ұжымдық жұмыс)	Қағаздың ортасына жер шарын, айналасына алақандарды бастыру арқылы бар әлемнің достығын бейнелеуді үйрету; алақан іздерін бакытты балалар келбетіне айналдыра білуін дамыту; ұжымдық жұмысты бірлесіп, тату аяқтауға баулу.	1
34	«Көбелектер»	Түрлі-түсті монотипия әдісімен бейнелей білулерін бекіту; жәй қарындашпен суретті салып алу және қағаздағы бейнені қып алғып беттестіру, бір жак бетіне бояуды ағызып жағып, екінші таза жағын беттестіріп жауып, үстінен сипалау; түстерді сезіне білуін дамыту; бейнені қажетті бөлшектермен толықтырып аяқтауға дағыландыру.	1
35	«Жайдары жаз»	Жаз мезгілінің келбетін балауыз борлармен бейнелеуді үйрету; жазға лайық түстермен қағаз бетін толық жауып бояй білуін жетілдіру; бейнелеуде қарапайым сюжетті композиция құруға баулу.	1
36	«Жыл бойғы суреттер көрмесі»	Суреттерге анықтап қарауға үйретуді жалғастыру; өз ой-пікірлерімен бөлісе білулерін жетілдіру; жыл бойғы еңбектерін мадактау арқылы өз-өздеріне деген мақтаныш сезімдерін, сенімділіктерін арттыру.	1
Барлығы:			36

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі:

Рисование с детьми дошкольного возраста» Р.Г. Казакова «Москва, 2006 г.

Қосымша:

1. Н. Ветлугина «Художественное творчество в детском саду», Москва, 1974г.
2. Л. Выготский «Воображение и творчество в детском саду», Москва, 1991г.
3. Д. Гончарова «Рисуем ладошками», Москва, 2010г.
4. Д. Гончарова «Школа фантазеров», Москва, 2010г.
5. Р.Казакова «Рисование с детьми дошкольного возраста» (нетрадиционные техники, сценарий, занятий, планирование), Москва, 2006г
6. Т. Казакова «Развивайте у дошкольников творчество», Москва, 1972г.
7. В. Ломова «ТРИЗ для детского сада», Алматы, 1997г.
8. О. Недорезова «ИЗО в детском саду», Ярославль, 2006г.
9. М. Нұсіпбекова «Бейнелеу өнері мен қол еңбегі», Алматы, 2010ж.
10. Н. Сакулина «Методика обучения изобразительной деятельности и конструированию», Москва, 1979г.
11. Л. Субботина «Развитие воображение детей», Ярославль, 1996г.